

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ

БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРГЕ ИЕ  
БАЛАЛАРДЫ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚЫТУДЫ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әдістемелік нұсқаулық

Алматы 2017

УДК 376  
ББК 74.3

Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынып, бекітті (2017 жылғы қазанның 25-ндегі №15 хаттама).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру Департаменті пайдаланылуға ұсынды.

*Пікір білдірушілер:*

*Айтжанова Р.К.* – м.ғ.к., ТПУҒПО директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша орынбасары

*Оразаева Г.С.* – п.ғ.к., ҚазМемҚызПУ-нің арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі

*Құрастырушы-авторлар:*

*Абаева Ф.А.* – п.ғ.к., доцент ТПУҒПО-ның директоры

*Пармузин А.М.* – ТПУҒПО-ның ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі

*Баймуратова А.Т.* – п.ғ.к., ТПУҒПО ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері

*Сейсенова А.Д.* – ф.ғ.к., доцент, заңгер, ТПУҒПО ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқытуды ұйымдастыру: әдістемелік нұсқаулық/Құраст. Абаева Ф.А., Пармузин А.М., Баймуратова А.Т., Сейсенова А.Д. – Алматы: ТПУҒПО, 2017. – 32 б.

ISBN 978-601-7131

Әдістемелік нұсқаулықта білім алуда ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар балаларды үйден оқытуды ұйымдастыру бойынша Қазақстанда заңды күші бар заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық құжаттардың негізгі ережелерін түсіндіретін материалдар ұсынылған.

Әдістемелік құрал «Мектепте сапалы білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету» атты № 099 бюджеттік бағдарлама («Орта білім беру саласын әдістемелік қамтамасыз ету» атты № 102 шағын бағдарлама) аумағында құрылған. Материалдар Білім Басқармалары, жалпы білім беретін және арнайы (түзету) мектептерінің педагогтары, сонымен қатар білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары және педагогикалық ЖОО студенттері мен магистранттарына арналған.

УДК 376  
ББК74.3

ISBN 978-601-7131

© ТПУҒПО, 2017

© Абаева Ф.А., Пармузин А.М., Баймуратова А.Т., Сейсенова А.Д., 2017

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	5
Негізгі бөлім .....	6
1. Қазақстан Республикасында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар үйде оқитын балалар саны .....	6
2. Балаларды үйден оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері .....	8
3. Балаларды үйде оқыту және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру.....	12
4. Үйден оқитын оқушылардың оқу орындарын бағдарламалық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету .....	17
Қорытынды .....	20
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	21
Қосымша А. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар үйде оқитын балалар туралы мәліметтер.....	23
Қосымша Б. Өткізілген сабақтарды есепке алу журналы.....	26
Қосымша В. Мектеп бойынша бұйрық (үлгі).....	27
Қосымша Г. Үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша жаднама.....	29

## ГЛОССАРИЙ

*Білім алуда ерекше қажеттіліктері (БАЕК) бар тұлғалар (балалар)* – психикалық, дене, ақыл-ой және әлеуметтік дамуы және білім алудың қажетті деңгейіне қол жеткізуі қиын болып, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және өзге де көмекке үнемі және уақытша мұқтаж тұлғалар;

*шектеулі мүмкіндіктер* – баланың қозғалу, есту, көру, сөйлеу қабілеттері не оның когнитивті қызметтеріне ықпал ете алатын жағдайды анықтау үшін қолданылатын жалпы атау;

*мүгедектігі бар бала* – аурулар, мертігу (жарақат, зақымданулар, контузия) және олардың әсері өміртіршілігінің шектелуі, нәтижесінде оны әлеуметтік тұрғыдан қорғау қажеттілігіне әкеліп соғатын ағзасының тұрақты түрде бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі тұлға;

*үйден оқыту* – жалпы білім беру пәндерін мектептен тыс меңгеруге негізделген білім алу тәсілі (үйде, білім беру орталықтарында);

*Типтік оқу бағдарламасы* – белгілі бір пән бойынша типтік оқу жоспарын (модуль) игеруге тиісті білім, икеммен дағдыларының мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат;

*ақпараттық-коммуникативтік технологиялар* – ақпаратты дайындау, беру, тарату және қызмет көрсету (компьютерлік жабдық, бағдарламалық қамтамасыз ету, телефон желілері, ұялы телефон байланысы, электронды пошта, ұялы телефон және спутниктік технологиялар, желісіз және кабельді байланыс, мультимедиялық құралдар, сонымен қатар ғаламтор), соның ішінде білім беруде қолданылатын сандық технологиялардың кең спектрі;

*психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (ПМПК)* – психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және кеңес беруді жүзеге асыратын, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланың білім беру бағдарламасының түрін анықтайтын мемлекеттік мекеме;

*бағдарламалық-техникалық құралдар (БТҚ)* – оқыту (білім беру), оқу-ғылыми және ғылыми-зерттеу үдерістерінде визуалды және дыбыстық ақпаратты (мультимедиа) әртүрлі тасымалдаушыларда кеңінен (әртүрлі және көп салалы) пайдалануға мүмкіндік беретін компьютерлік құрылғылар, кешендер мен жүйелер;

*дәрігерлік-кеңес беру комиссиясы (ДКБК)* – меншік және ведомствалық қатынасына қарамастан медициналық ұйымдарда құрылатын комиссия.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда Қазақстанда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үй жағдайында оқыту өзекті мәселе болып отыр. Оның көптеген негізгі мәселелері (нормативтік-құқықтық негізі, оқыту және тәрбиелеу үдерістерін ұйымдастырып, мазмұнын белгілеу, оқыту формаларының үйлесімділігі, мұғалімдерді ынталандыру және т.б.) қажетті деңгейде шешілмегені мәлім.

Балаларды үйден оқыту тәжірибесі Қазақстанда Кеңес өкіметі жылдары да болғанын айта кету керек. Ол ауруына байланысты медициналық оңалту мен ұзақ емдеуден өтетін балаларға қатысты қолданылды. Білім алуда ерекше қажеттіліктері мен мүгедектігі бар балалар аталмыш оқу формасымен қамтылған жоқ, өйткені олар дене және психикалық бұзылыстарының ауырлығына байланысты оқытуға жатпайды деп есептелген.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқытуды ұйымдастырудың қазіргі кездегі қиындықтары үйден оқытып отырған ұстаздарды кеңес беріп, әдістемелік тұрғыдан қолдау жүйесінің жоқ болуымен байланысты. Оқытуды әдістемелік материалдар және техникалық құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу, нақты айтатын болсақ, педагогтардың біліктілігін арттырудың тақырыптық курстарын ұйымдастыру, үйде оқитын балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау стратегиясын дайындау қажет.

Аталмыш әдістемелік ұсыныстардың мақсаты – Қазақстанда заңды күші бар білім алуда ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар балаларды оқытуды ұйымдастыру бойынша заңнамалық актілердің негізгі ережелерін түсіндіру.

Ұсынылған нұсқаулықта «білім алуда ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар балаларды үйден оқыту» сөз тіркесін пайдаланудың ыңғайлылығы үшін «Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқыту» ұғымы қолданылады.

Әдістемелік құрал «Мектепте сапалы білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету» атты № 099 бюджеттік бағдарлама («Орта білім беру саласын әдістемелік қамтамасыз ету» атты № 102 шағын бағдарлама) аумағында құрылған. Материалдар Білім Басқармалары, жалпы білім беретін және арнайы (түзету) мектептерінің педагогтары, сонымен қатар білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары және педагогикалық ЖОО студенттері мен магистранттарына арналған.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### 1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ҮЙДЕН ОҚИТЫН БАЛАЛАР САНЫ (2014-2017 ЖЖ. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)

Қазақстанда облыстық ПМПК-лар ұсынған статистикалық деректерге сәйкес 2017 жылы білім алуға ерекше қажеттіліктері үйден оқитын мектеп жасындағы 11390 бала тіркелді, бұл аталмыш санаттағы және осы жастағы балалардың анықталған жалпы санының 11,8% құрайды. Соңғы үш жылда білім алуға ерекше қажеттіліктері бар үйден оқитын балалар саны 3003 адамға өскен (А Қосымшасы) [1,2].

Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар үйден оқитын мектеп жасындағы балалардың айтарлықтай үлкен көлемі республиканың оңтүстік облыстарында (Жамбыл – 25,8%, Қызылорда – 24%, Оңтүстік Қазақстан облысы – 16,3%, Алматы облысы – 15,1%), сонымен қатар Солтүстік Қазақстан облысында (13,7%) және Алматы қаласында (12,8%) тіркелген.

Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар үйден оқитын балалар санының күрт өсу қарқыны соңғы үш жылда Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарында және Алматы қаласында байқалды, өсу 70 %-дан 76%-ға дейін тіркелген. Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар үйден оқитын балалар санының айтарлықтай өсуі Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында (сәйкесінше 29,5% және 30,4%), сонымен қоса Қызылорда облысында 39,7% байқалады.

Соңғы үш жылда білім алуға ерекше қажеттіліктері бар бала саны Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында тұрақты болып отыр, онда 23 пайыздан 24 пайызға дейін өскен.

Дегенмен мына өңірлерде білім алуға ерекше қажеттіліктері бар бала санының төмендегені байқалады: Ақмола облысында (- 8,7%) және Қарағанды облысында (- 18,6%).

Үйден оқитын балаларды бұзылыстарына байланысты бөлуде өзгерістер байқалды [1,2]. Үйде оқитын балалардың негізгі санын тірек-кимыл аппаратында бұзылыстары бар балалар (41,9%) және ақыл-ой бұзылыстары бар балалар құрайды (36,2%). Олардан кейін психикалық дамуы тежелген балалар тұр (12,8%).

Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар үйден оқитын бала санының өсу қарқыны тұрғысынан қарасақ, аутистикалық спектрдегі бұзылыстары

бар балалар саны айтарлықтай өскен. Олардың саны 01.01.2014 ж. салыстырғанда 152,7%-ға артқан. Үйден оқитын балалардың негізін құрайтын тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар саны 20,1% өскен.

Статистикалық мәліметтер үйден оқитын тұлғалардың білім алу жүйесінде оңтайлы емес тенденцияларды көрсетеді. Үйден оқыту мектеп пен сыныпта оқуға қарағанда балалардың мүмкіндігін анағұрлым шектеп, объективті себептерге байланысты білім беру қызметтерінің бүкіл көлемін бере алмағандықтан, білім алуда ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар балалардың сапалы білім алуына қатысты құқықтарын бұзады.

***БҰҰ ұсынымына сәйкес «Оқушыларды үйден оқыту денсаулығы жағдайына байланысты мектепке бара алмайтын балаларды қолдауға бағытталған өте сирек кездесетін немесе уақытша шара болуы керек, ол мүгедектігі бар балалардың оқшауланып, сапалы білім алуға құқығын бұзып, шектейтін тәжірибеге айналып кетпеу қажет».***

Жалпы алғанда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар бала санының өсу қарқынына талдау жасау көрсеткендей, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар мектеп жасындағы бала санын анықтау барысында олардағы дене және психикалық бұзылыстарға аймақтық ерекшеліктердің ықпалы арасындағы байланыс байқалмады.

## 2. БАЛАЛАРДЫ ҮЙДЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстанда білім алуда ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар үйден оқитын балалардың құқықтарының кепілділігі БАЕҚ бар тұлғалардың тең құқықтылығы қағидасына негізделген білім беру саласындағы негізгі халықаралық құжаттар, қазақстандық заңнамалық актілер және нормативтік-құқықтық материалдарға сәйкес анықталады.

ҚР-ның **«Білім туралы» Заңының** 8-бабының 5-тармағына сәйкес «денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емі және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады». Одан ары «мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың білім алып, даму бұзылыстарын түзеп, әлеуметтік тұрғыдан бейімделуі үшін мемлекет жағдай жасайды»[3].

ҚР-ның **«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының** 11-бабында «Көрсетілімдері болған жағдайда мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды үйде жүзеге асыруға болады» делінген [4].

Орта білім беру ұйымының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) Типтік Ережелеріне сәйкес мектептегі білімді үйде алу құқығы денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт білім беру орындарына бара алмайтын оқушыларға беріледі [5]. Тегін жекелей оқытудың негіздемесі ретінде ҚР-ның денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің 2015 жылғы мамырдың 5-ндегі №321 Бұйрығына сәйкес үйден оқыту мерзімі көрсетілген бала денсаулығының жағдайы туралы ДКБК қорытындысы болып табылады («ҚР-ның Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің 2015 жылғы мамырдың 5-ндегі №321 Бұйрығымен бекітілген дәрігерлік-кеңес беру комиссиясы қызметі туралы Ереже» (3-тармақ), ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің 2010 жылғы қарашаның 23-ндегі №907 Бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау ұйымының алғашқы медициналық құжатнамасының формаларын бекіту туралы» 035-1/у формасы [6]).

Оқытудың аталмыш түрін балалар ауыр дене және психикалық бұзылыстарына қарай емес, денсаулық жағдайына байланысты алатынына көңіл аудару қажет. Үйден оқыту дене бұзылыстары тұрғысынан мектепке бара алмайтын және соматикалық ауыр науқасқа ұшыраған немесе мектептегі ұжыммен бірге оқуға кедергі болатын психикалық және мінез-құлқ бұзылыстарының болу себебіне байланысты ұсынылады.

Бұл тұжырымдаманың артында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар, соның ішінде ақыл-ой бұзылыстары бар, аутизмге ұшыраған, тірек-қимыл аппараты, есту, көру қабілеттері бұзылыстары бар балалар жалпы және арнайы оқу бағдарламаларын игеретін **жалпы және арнайы мектептерге бара алады және баруы керек деген ұғым бар**. Егер мектепке бару мүмкіндігі болмаған жағдайда (мысалға, қимыл-қозғалыс қиындығы, есінен тануымен бірге болатын жиі талмалар, ауыр түрдегі соматикалық аурулар (онкологиялық, жүрек-қан тамырлары аурулар және т.б.) балалар үйден оқиды. Психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар балалар айналасындағыларға қауіп тудыратын жағдайда үйден оқыту туралы шешімді ДҚБК жіті бақылау негізінде шығарады, әдетте стационар жағдайында (ауруханаға жатқызу 2 апта көлемінде) жүзеге асуы мүмкін.

«Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйден жеке түрде тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» атты мемлекеттік қызметтің Стандартына[7] сәйкес оқушы ДҚБК медициналық қорытындысы негізінде үйден білім ала алады.

Емханадағы «Дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының қызметі туралы Ережеге» сәйкес:

- баланы медициналық тексеруден өткізу жүргізіледі;
- бала денсаулығының жаңдайына байланысты оны үйден оқыту қажеттілігі анықталады;

- оқыту мәселелерін шешу үшін ПМПК-ға жолдама беріледі.

ДҚБК қорытындысы негізінде бала психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жіберіледі (одан ары – ПМПК).

ПМПК-да:

- балаға психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеріс жүргізіледі;

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланың психикалық даму деңгейі және жағдайы туралы қорытынды шығарылады;

- оқыту бағдарламасының түрі (жалпы білім беретін, арнайы, жекелей) анықталады;

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді және баламалы жағдайлары (мектеп түрі) ұсынылады, алайда бұл жағдайларға қатысты таңдауды жасау ата-аналарға ұсынылады;

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың қажеттіліктерін статистикалық есепке алу жүргізіледі, соның ішінде жұмыс орындарын бағдарламалық-техникалық құралдармен (одан ары – БТҚ) қамтамасыз ету;

- үйден оқитын білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқитын жерлерін БТҚ қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар беріледі. Үйден оқитын

білім алуда ерекше қажеттіліктері мен мүгедектігі бар балаларды оқытуды ұйымдастыруды негіздемесі ПМПК тұжырымдамасы мен қорытындысы және емхананың ДҚБК қорытындысы негізіндегі ата-ананың өтініші бойынша берілетін мектеп директорының Бұйрығы болып табылады. *Мұнда ПМПК қорытындысы үйден оқыту ұсынымы үшін негіздеме болып табылмайды, тек қана оқушының білім беру траекториясын анықтайды.* Үйде жеке түрде тегін оқытуды жалпы білім беретін немесе арнайы мектеп жүзеге асырады.


Ата-аналар өздері таңдап алған мектеп директорының атына ПМПК тұжырымдамасы мен ДҚБК қорытындысын ұсына отырып, өтініш береді. Өтініш негізінде мектеп директоры мүгедектігі бар баланы үйден оқыту туралы Бұйрықты шығарады. Бұйрықтың көшірмесі сынып журналына тіркеледі.

Мектепте мынадай шаралар ұйымдастырылады:

- қажет шешім шығару үшін педагогикалық кеңес құрылады;
- үйден оқытуды ұйымдастыру туралы Ереже дайындалады;
- мүгедектігі бар баланы үйден оқытудың мазмұны анықталады;
- баланың ата-анасымен келісе отырып сабақ кестесі дайындалып, сабақты жоспарлау жүргізіледі;
- арнайы оқу және оқу-әдістемелік әдебиет (бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары, тақырыптық және сабақ жоспарлары, тексеру және бақылау сабақтарының жоспарлары), мектепшілік бақылау бойынша жоспарлар мен анықтамалар.

Мүмкіндігі шектелген балаларды үйден оқытуды ұйымдастыру алгоритімі № 1-суретте көрсетілген.

**№ 1 Сурет. Мүмкіндігі шектелген балаларды үйден оқытуды ұйымдастыру алгоритмі**



### 3. БАЛАЛАРДЫ ҮЙДЕН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Үйден оқитын балалар жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқи алады.

2. Қазақстанда білім беретін оқу бағдарламасының түрін (жалпы білім беретін, арнайы) ҚР-ның 2007 жылғы шілденің 27-ндегі №319-ІІІ «Білім туралы» Заңына, ҚР-ның 2009 жылғы қыркүйектің 18-ндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі және ҚР Үкіметінің 2013 жылғы мамырдың 17-ндегі №499 «Жалпы білім беретін ұйымдар (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің Типтік ережелерін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес ПМПК анықтайды [5].

3. Көру, есту қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген, аутизмге ұшыраған балалар Мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандарттарын орындауға бағытталған жалпы білім беретін бағдарламалар бойынша оқи алады. Балалардың бұл санаты білімін орта білім беру ұйымдары қызметі (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім) Типтік ережелері және арнайы білім беру ұйымдары қызметінің Типтік ережелеріне сәйкес жалпы негізде растай алады [11]. Аталған санаттардағы балаларды оқыту арнайы оқулықтар, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар негізінде жүзеге асады. Нашар көретін оқушылар ірі қаріптері бар оқулықтармен, көрмейтін оқушылар бүдірлі-нүктелі қаріппен басылған (Брайль шрифті) оқулықтармен оқиды.

4. Ақыл-ой бұзылыстары бар балалар Мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандарттарын орындауға бағытталмаған Типтік оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес оқиды. Аталмыш санаттағы балаларды бағалау жүйесі типтік оқу бағдарламасының сәйкес бөлімдерінде, сонымен қоса Ы.Алтынсарин атындағы ҰҒА-дадайындалған «Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін сыни бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдарда» (4-,5-,6-бөлімдер) көрсетілген [12].

5. Үйден оқытудың оқу жұмыс жоспары білім берудің деңгейіне сәйкес үйде жеке түрде тегін оқытудың Типтік оқу жоспарының негізінде оқыту сағаттарын орналастыруға қатысты ПМПК ұсынымдары және ата-аналардың тілегіне сәйкес жасалады, мұнда оқу жоспарымен реттелген жалпы сағат санының аумағынан шығуға болмайды. Жыл бойы білім алу-да ерекше қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктері есепке алынып, аурудың сипатына байланысты өзгерістер енгізіліп отырылуы мүмкін.

6. Оқу жоспарына түзету сабақтарына кететін (аптасына 2 сағаттан

кем емес) арнайы сағаттар кіреді. Сабақ күндері, сағат саны, сабақтардың ұзықтылығы мен реттілігі, сонымен қатар оқу аптасының ұзақтығы оқушының жүйке-психикалық жағдайына байланысты анықталады, бірақ бастауыш сатыдағы оқушыларға аптасына кем дегенде 8 сағат, білім алудың негізгі және ортаңғы баспалдағында отырған балаларға аптасына 10-12 сағат өтеді:

1–4-сыныптар	5–8-сыныптар	9–1-сыныптар
Аптасына 8 сағат	Аптасына 10 сағат	Аптасына 12 сағат

7. Мектепте мамандар болмаған жағдайда түзету көмегі психологиялық-педагогикалық кабинеттері мен оңалту орталықтарында атқарылады.

8. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуы және әлеуметтік тұрғыдан оңалтылуына құқығын жүзеге асыру мақсатында үйден оқитын мүгедектігі бар балалар сынып ішіндегі және жалпы мектептік іс-шараларға, логопед, дефектолог, психологтың жеке лей сабақтарына, сонымен қатар мектеп әкімшілігімен келісіп, ДКБК ұсынысын ескере отырып сыныптағы сабақтарға да қатыса алады.

9. Арнайы білім беру ұйымдары білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқытатын мұғалімдерге әдістемелік және кеңес беру көмегін ұсынады.

Оқу жылының басында мүгедектігі бар балаға өткен сабақ санының есебі жүргізілетін Журнал рәсімделеді, оған төмендегілер енеді:

- сабақ кестесіне сәйкес сабақ күндері;
- өткен материалдың мазмұны;
- өткізілген оқу сабақтарының саны;
- ағымдағы белгілеулер.

Бұл жазбалардың негізінде мектеп үйде оқитын балаларды оқытуға қатысқан педагогикалық қызметкерлердің еңбекақысын төлейді. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту барынша жеке түрдегі негізде өтеді:

- үйде өтілетін оқу және түзету сабақтары Мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламалары негізінде, сонымен қатар арнайы оқу бағдарламалары, соның ішінде жеке (оқушының мүмкіндігіне орай) жүргізіледі;

- БАЕҚ және мүгедектігі бар балаларды түзете-педагогикалық қолдау;

- жалпы мектепшілік іс-шараларға қатысу, денсаулық жағдайына байланысты жеке және түзету сабақтарына бару;

- үйден оқитын білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балалардың оқу жетістігі мен даму мониторингін жүзеге асыру;

- БАЕҚ және мүгедектігі бар балалардың дамуы мен оқу жетістіктерін

мониторингтен өткізу. Үйден оқыту жағдайындағы білім беру үдерісін педагог-дефектологтар, арнайы қайта дайындаудан өткен мұғалімдер мен тәрбиешілер жүзеге асырады. Емдік алдын-алу іс-шаралары, топтық және жеке түзету сабақтары жүргізіледі. Сабақтардың бір бөлігі үйде, бір бөлігі мектепте өтуі мүмкін.

Үйде сабақ беруші әр оқытушы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың білімді игеру сапасы мен дамуын қарқынды бақылау күнделігін жүргізеді. Баланың қызметі оның дене және психикалық жағдайына байланысты талқыланады.

Күнделік мұғалімнің кезекті жұмысы үшін қажетті материал болып табылады және сабақ кестесіне сәйкес үнемі жүргізіліп отырылады: өткен материалдың сапасы туралы жартыжылдық есеп дайындау, жылдық психологиялық-педагогикалық мінездемелер, мониторингтік кестелер т.б. құрылады.

Мектеп директорының орынбасары жеке сабақтар кестесін құрады, оқу жоспарының жүктемесі бөлінген мұғалімдер және ата-аналармен келісіледі. Ата-аналармен келісілген сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді.

Ұсынылған оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспар жалпы тәртіппен бекітіледі. Мектеп әкімшілігі сабақтың уақытылы өткізілуі, оқу бағдарламаларын орындау және жеке оқыту әдістемесін бақылауды жүзеге асырады. Аталмыш сұрақ жылына екі рет (қазан, ақпан айларында) мектепшілік бақылау кезінде, сонымен қатар жыл қорытындысы бойынша өтетін педагогикалық кеңесте пән мұғалімдерін тындау кезінде қарастырылады.

Контингентіне білім алуда ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар үйден оқитын балалар кіретін мектеп әкімшілігі мұғалімдерді дамытушы және орын толтырушы жабдықтарды игеру және пайдалану бойынша белсенді жұмысқа ынталандырады. Ол біліктілікті арттырудың облыстық институттары базасында арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өту және үйден оқитын баланың жекелей білім беру маршруты бойынша жабдықтарды интеграциялау бойынша семинарларға өтініштерді білім басқармасына беруді ұйымдастырады.

Сабақ кыркүйектің 1-інде басталады, бірінші апта оқушылар және ата-аналармен танысуға арналады, оқушыларға бақылауды жүргізу үшін білім беру маршрутын анықтау және құру, оқытудың жекелей бағдарламасын жасау жүзеге асады. Мұғалім оқушыны психологиялық-педагогикалық тұрғыдан (білімді тұжырымдау деңгейі, пәндер бойынша дағдылар) зерделейді, даму зонасын анықтайды.

Ата-аналардың құқықтар мен міндеттемелерін түсіндірген дұрыс:

а) құқықтары: баланы оқыту нәтижелері туралы толық ақпарат алу, оқыту мен тәрбиелеуге қатысты білікті кеңес пен көмек алу;

б) міндеттемелер: жекелей сабақтарды өткізуге жағдай жасау, оқу саақтарын өткізуге орын бөлу, оқу заттарымен қамтамасыз ету (ол үшін ақша бөлінеді); педагогтың айтқандарын орындау; үй тапсырмасын орындау кезінде балаға көмек көрсету.

Үйден оқытуды ұйымдастыру келесі құжаттармен қатар жүреді:

- ДҚБК анықтамаларының көшірмелері;
- ата-аналардың өтініштері;
- мектеп бойынша бұйрық;
- баланың әлеуметтік паспорты;
- білім беру бағдарламасының түрі көрсетілген ПМПК ұсынымы мен қорытындысы;
- компьютермен жұмыс жасауға қарсы көрсетілімдер жоқ екендігі туралы анықтама;
- бейімделген оқу бағдарламасы;
- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды дамытудың жеке бағдарламасы;
- жеке оқу жоспары;
- маршруттық қағаз;
- ата-аналармен жазбаша түрде келісілген директор бекіткен сабақ кестесі;
- жүргізілген сабақтарды есепке алу журналы;
- сабақ жоспарлары;
- мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспары (он-лайн конференциялар және мүгедектігі бар балалардың дені сау қатарластарымен онлайн кездесуі);
- мүгедектігі бар балаға жабдықтар жиынтығын уақытша пайдалануға беру туралы Шарт (мектеп пен ата-ана/үйде оқитын мүгедек баланың заңды өкілімен келісімшарт бекітіледі).

ПМПК, баланың ата-анасы және мектеп әкімшілігінің келісімімен баланың даму бұзылыстарын түзету мақсатында бала мектепте психолог және логопедпен жұмыс жасайды, ол жеке сабақтарға бара алады. Мұның шарты ретінде үйден оқитын оқушы сабаққа келген кезде оның ата-анасы қасында болып, қолдау көрсетуі керек. Жартылай кірігудің мұндай түрі зиянды емес, қайта үйден оқытылып отырған баланы әлеуметтендіруге оң ықпал етеді.

Үйден оқытылатын оқушылардың білімінің есебі мен талдауы мектептегі педагогикалық мониторинг жүйесінде жүргізіледі. Әрбір тоқсан және жылдың қорытындысы бойынша үйде оқытатын мұғалімдер оқу бөліміне есеп өткізеді.

Мұғалімдер мыналарды ұсынады:

- мұғалімнің жұмысының күнделігі;

- оқушының жұмыстары;
- талдауы бар бақылау жұмыстары (жарты жылдық қорытынды бойынша);
- жеке даму күнделігі (әрбір тоқсан қорытындысы бойынша);
- икем мен дағдылар немесе жетістіктер картасының дәптері (жарты жылдық қорытынды бойынша).

Бұдан басқамұғалім әрбір оқушыға оқушының жұмыстары (бақылау жұмыстары, суреттер, аяқталған дәптерлер, күнделіктер) сақталған папка арнауы керек. Үйден оқитын оқушының жеке ісі оқушының сыныбына сәйкес жеке істердің арасында сақталуы керек. Икем мен дағдыларды есепке алатын дәптер, жетістіктер картасы, оқушының жеке даму картасы оқушының аталмыш құжаттарымен бірге сақталады.

Жылдың аяғында мұғалім оқушыға мінездеме береді. Оқушыға мінездемені төртінші тоқсанның басында жаза бастау керек. Мінездемені жазу кезінде психикалық үдерістердің жағдайы, олардың даму қарқыны, немесе бағдарламалық материалды игеру тұрғысынан сипаттама беруге ерекше назар аударылуы тиіс. Мінездеме А4 форматында 14 шрифтімен екі бет көлемінен аспауы керек. Мінездеменің астына төмендегі тұлғалар қол қояды: мұғалім, психолог, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, директор.

Жылдың соңында баланы үйден оқытқан мұғалім мектеп оқушысының оқу нәтижесін көрсетететін есеп дайындайды.

Негізгі орта және жалпы орта білім алуды аяқтаған соң үйден оқытылған оқушы қорытынды аттестация тапсыра алады, сонымен қатар бекітілген негізде денсаулық жағдайына байланысты одан босатыла алады (06.06.2017 жылы өзгерістер мен толықтырулар енген «Оқушыларды оқу үлгеріміне ағымдық және аралық бақылау жасаудың Типтік ережелері» атты 2008 жылғы наурыздың 18-ндегі ҚР БЖҒМ №125 Бұйрығы) [13]. Негізгі орта білім беретін мектепті бітірген, аттестациядан өткен түлекке негізгі орта білім беру туралы куәлік, жалпы орта мектепті бітірген оқушыға жалпы орта білім беру туралы куәлік беріледі. Мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандарттарын орындауға бағытталмаған оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша бітірушілерге сәйкес үлгідегі білім беру туралы құжат беріледі.

#### **4. ҮЙДЕН ОҚИТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ОРЫНДАРЫН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Мұғалімнің оқушының үйіне баруы баланы үйде оқыту және ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланумен қатар болуы керек. Арнайы техникалық құралдарды пайдаланусыз, қарапайым жолмен сенсорлы және қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар мүгедек балалардың білім алуы мүмкін емес болып табылады. Жаңа ақпараттық білім беру технологияларын кеңінен ендіре отырып, мұндай балалардың білім беру ресурстарына қолжетімділігін кеңейту қажет. Есту, көру қабілеттері немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар көмекші (ассистивтік) технологиялар мен құралдарды пайдалануды қажет етеді. Қызмет пен құрылғының мұндай қабілеттері мүгедектігі бар баланың дене бұзылыстарының орнын толтырып, оның қоршаған ортамен өзара әрекет ету және ақпараттық кеңістіктегі мүмкіндіктерін қарапайым балалардың мүмкіндіктеріне жақындатады. Онымен қоса ассистивтік компьютерлік технологияларды меңгеру ауру баланың болашақта базалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік беретін қолданушылық дағдысын жетілдіруге кепілдік болады. Мүгедектігі бар тұлғаның жұмыс орнын әртүрлі көмекші техникалық құралдармен жабдықтау оның дене, сенсорлық немесе психоневрологиялық қызметтерінің бұзылыстарымен байланысты жеке немесе толық шектеулерінің орнын толтыру үшін қажет, ол білім беру ресурстарына қажетті қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сонымен қатар коммуникативтік және психологиялық мәселелерді азайтады. Бұндай жағдайда үйде баланың білім алатын орнына арнайы техникалық жабдықтар орнатылады. Бағдарламалық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілген барлық оқушылар компьютермен жұмыс жасауға ешқандай қарсы көрсетілімдері болмауы керек.

Үйден оқитын мүгедектігі бар балалардың білім алатын жерін жабдықтау құрал-жабдықтар жиынтығын пайдалану және иеленудің арнайы ұзақмерзімді бағдарламасын жүзеге асыру негізінде жүзеге асады. Бағдарламалар үйден оқитын әрбір оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктері, жеке және жас ерекшеліктерін ескере отыра мүгедек-балалардың санаты және көрсеткіштері бойынша бөлінген қаржы құралдарын реттейді. Бағдарламалар арнайы көмекші (орын толтыру) және дамыту құрылғыларының кейбір түрлері білім берудің белгілі бір деңгейін пайдалану үшін нақты түрде белгілі бір жасқабағыттала құрылған. *Бір мүгедек-балаға 2-3 жыл көлемінде «қызмет еткеннен» кейін жиынтық (құрылғы) бағдарламаға сәйкес өзге қолданушыға беріледі.*

Бағдарламалар үйден оқитын мүгедектігі бар балалар туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (ПМПК) облыстар, Алматы және Астана қалалардың білім басқармаларының мәліметтері бойынша құрылады. Бағдарламалар төмендегілерді есепке ала отырып, құрылады:

- аталмыш аумақта тұратын және үйден оқитын мүгедектігі бар балалар контингентінің құрылымы;

- мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдары және арнайы білім беру ұйымдарын жиһаз және жабдықтармен жабдықтау нормалары (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы қаңтардың 22-ндегі №70 Бұйрығы) [14];

- үйден оқитын мүгедектігі бар балалардың оқитын орнын ұсынылатын бағдарламалық-техникалық құралдармен жабдықтаудың тізімі [15];

- заңнамалық тәртіппен бекітілген бір жиынтықтың орташа құны (үйде оқитын мүгедек-балалардың санаттары бойынша).

Барлық бағдарламалық-техникалық жиынтықтар белгілі бір бөлік бойынша жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- аппараттық платформасы;

- жалпыжүйелік, базалық және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету;

- мүмкіндіктері шектеулі балалардың оларды тиімді пайдалана алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы қызметтер.

Сонымен қатар Білім басқармасы төмендегілер гедотацияны қарастыратын бюджеттік мақсаттық бағдарламаларды дайындап, жүзеге асырады:

- барлық санаттағы балаларды үйден оқыту үшін алдында әкелінген компьютерлік және проекциялық техниканы орнату, жөндеу немесе қосымша көмекші құралдарды сатып алу. Мұнымен қоса бюджеттік мақсаттық бағдарламалар қосымша жабдықтар қызметі бойынша қызметтің орташа құны мен толықтай жабдық жиынтығының есебі құрылады;

- көмекші (орын толтыру) құралдарды пайдалану және қызмет көрсетуде қолдауға үйрету.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін жеке қозғалыс құралдарымен қатар арнайы клавиатура мен манипуляторлар алынса, есту қабілеті бұзылған балалар үшін жеке есту аппараттары, микрофонымен бірге болатын дыбыс күшейткіш жүйе сатып алынады; көру қабілеті бұзылған балалар үшін – Брайль бейімдеуіштері, электронды лупалар, экранды үлкейткіш дыбыстайтын мобильді құрылғы және т.б.

Үйде оқитын мүгедектігі бар балалар контингентікіретін білім беру ұйымының жетекшілері мынадай істерді атқарады:

- қажетті немесе қосымша жабдықтарды алуға өтініш береді (жыл сайын балалардың қажеттіліктерін ескере отыра);

- мүгедектігі бар балалардың оқитын жерлерін мемлекет есебінен Интернет желісіне қосуды (білім беру бөлімімен құрылған бағдарлама шеңберінде) ұйымдастырады және мүгедек-бала тұратын аймақ әкімшілігімен анықталатын барлық оқыту кезеңінде Интернет желісіне қосу қызметінің төлемдерін қамтамасыз етеді;

- «Үйден оқытылатын мүгедектігі бар балалардың оқитын жерлерін жабдықтау» атты мемлекеттік мақсатты бағдарлама шеңберінде алынған барлық жабдықтарды балансқа алады. Жеткізілген техника білім беру ұйымының меншігі болып саналады және осы ұйымның есебінен немесе жергілікті бюджет есебінен жөнделуі тиіс;

- мемлекеттік тапсырысты орналастырады және аталмыш нұсқаулыққа сәйкес үйде оқитын мүгедек-балаларға арналған жабдықтар жиынтығын алу келісімшартын жасасады;

- Мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандарттарына және өзге нормативтік құжаттарға сәйкес қолда бар жабдықтар есебінен мүгедек-балаларды жеке оқыту бағдарламасын жасайды, бұл бағдарламаларды жүзеге асырады;

- мүгедектігі бар балалар және олардың ата-аналарының (өзге заңды өкілдердің) жабдық жиынтығын пайдалануға оқытуды ұйымдастырады;

- сабақтан тыс мүгедек-балалардың қызығушылықтарына сәйкес олардың дені сау қатарластарымен онлайн конференциялар мен кездесулер өткізеді.

Жабдықтар жиынтығы білім беру үдерісінің қатысушыларына келісімшарт негізінде тегін түрде уақытша пайдалануға беріледі (келісімшарт олардың ата-аналары және өзге де заң өкілдерімен жасалады.

Жабдықтар жиынтығы жалпы орта білім берудің арнайы оқу бағдарламасы бойынша немесе өзге негізде оқытуды аяқтауға дейін ұсынылуы мүмкін.

Оны пайдаланбастан бұрын үйде оқытатын педагог және ата-аналарға БТҚ жиынтығын пайдалану бойынша жеткізуші фирма алғашқы нұсқаулықты жүргізуі керек.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың бір бөлігі әртүрлі себептерге байланысты мектепке бармайды және өзге балалармен бірге оқу бағдарламаларын игере алмайды. Бұндай балалар үшін сапалы білім алудың бір формасы ретінде инклюзивті білім берудің негізгі қағидасы ретінде үйден оқыту қарастырылған.

Үйден оқытуды ұйымдастыру үшін елде негізгі заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық материалдар қарастырылған, оларды жүзеге асыру ынталандыру мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етуден бастап мұғалімдерді қаржылық қолдаумен аяқталатын жағдайларға сәйкес ресурстарды қажет етеді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйде оқытудағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және оның мазмұныбаланы үйден оқыту қажеттілігін растайтын құжаттарды жинау, баланы үйден оқыту үдерісін реттейтін оқу құжаттамаласын дайындау, оқу, дидактикалық материалдар және бағдарламалық-техникалық құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған тұтастай іс-шаралар жүйесінен тұрады. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқытуды ұйымдастырудың ұсынылған алгоритімі білім беру үдерісінің нақты және реттік әрекеттерін (ата-аналар, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі, білім басқармасы және т.б.) көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқыту жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар:

- балаларды үйден оқытудың ұйымдастыру-әдістемелік негіздері мен бейімдік үлгісін дайындау;
- үйден оқитын оқушылардың сағаттық жүктемесінің санын арттыру;
- үйде, сыныпта, мектепте оқитын балалардың кірігуіне ықпал ететін оқыту формаларының үйлесімділігін белсенді түрде пайдалану;
- үйден оқыта білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекет ету механизмдерін жетілдіру;
- балаларды қашықтықтан оқыту үшін электронды білім беру ресурстарын жасауға қойылатын ортақ талаптарды жасап, дайындау;
- компьютерлік дамытушы және білім беру бағдарламаларының қазақ тілді контентін қамтамасыз ету, сонымен қатар оларға әдістемелік қолдау;
- үйден оқытуды жүзеге асыратын педагогтардың көлемі 72 сағаттан кем емес біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. ҚР-да білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды статистикалық есепке алу бойынша 2014 жылғы РПМПК анықтамасы.

2. ҚР-да білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды статистикалық есепке алу бойынша 2016 жылғы РПМПК анықтамасы.

3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы маусым айының 27-ндегі «Білім туралы» №319-III Заңы.

4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы шілде айының 11-ндегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» №343 Заңы.

5. Типтерге сәйкес білім беру ұйымдары қызметінің Типтік Ережелері, оның ішіне балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының Типтік ережелері (Қазақстан Республикасының 2013 жылғы мамыр айының 17-ндегі №499 Қаулысы).

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің 2015 жылғы мамырдың 5-ндегі № 321 Бұйрығымен бекітілген дәрігерлік-кеңес беру комиссиясы қызметі туралы Ережені бекіту туралы» Бұйрығы. Әділет Министрлігінде 2015 жылдың маусым айының 11-нде №11310 Бұйрығымен тіркелген.

7. «Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйден жеке түрде тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» атты мемлекеттік қызметтің Стандарты (ҚР-ның Білім және Ғылым Министрлігінің 2015 жылғы сәуір айының 8-ндегі №174 Бұйрығына №4 Қосымша).

8. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы сәуір айының 13-ндегі «ҚР-да мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» №39 Заңы.

9. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы шілде айының 11-ндегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» №343 Заңы.

10. ҚР-ның 2009 жылғы қыркүйектің 18-ндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі.

11. Арнайы білім беру ұйымдары қызмет түрлерінің Типтік Ережелері (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы ақпан айының 14-ндегі №66 Бұйрығы).

12. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін сыни бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰҒА, 2015.

13. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқушылардың оқу үлгеріміне ағымдық және аралық бақылау жасаудың Типтік ережелері атты ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 265 Бұйрығына сәйкес 06.06.2017 жылы өзгерістер мен толықтырулар енген 2008 жылғы наурыздың 18-ндегі ҚР БжҒМ № 125 Бұйрығы.

14. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдары, сонымен қоса арнайы білім беру ұйымдарын жиһаз және жабдықтармен жабдықтау нормаларын бекіту туралы ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы қаңтар айының 22-ндегі №70 Бұйрығы.


15. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментінің 08.05.2012 жылғы «Үйде оқитын мүгедек-балаларды жұмыс орнын бағдарламалық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету туралы № 02-5/647 Нұсқаулық-әдістемелік хаты». – Алматы: Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы.

**ҮЙДЕН ОҚИТЫН БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР  
БАЛАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**


Облыстар көлемінде үйден оқитын балалар саны туралы мәліметтер  
(01.01.2014 ж. және 01.01.2017 ж. жағдай бойынша)

№	Облыстар	Мектеп жасындағы білім алу-да ерекше қажеттіліктері бар балалар саны		Үйде оқитын білім алу-да ерекше қажеттіліктері бар балалар саны		% (үйде оқушы балалар саны * 100%) /мектеп жасындағы білім алу-да ерекше қажеттіліктері бар балалар саны	
		2014 г.	2017 г.	2014 г.	2017 г.	2014 г.	2017 г.
1	Ақмола облысы	4239	4088	297	271	7,0	6,6
2	Ақтөбе облысы	2999	2937	263	326	8,8	11,1
3	Алматы облысы	6566	7436	1064	1123	16,2	15,1
4	Атырау облысы	3380	2538	168	296	5,0	11,6
5	ШҚО	8233	11251	690	854	8,4	7,6
6	Жамбыл облысы	4146	4720	934	1218	22,5	25,8
7	БҚО	4630	3993	257	333	5,6	8,3
8	Қарағанды облысы	7510	5045	350	285	4,7	5,6
9	Қостанай облысы	9347	8708	230	284	2,5	3,2
10	Қызылорда облысы	2498	3541	609	851	24,4	24,0
11	Маңғыстау облысы	1875	2989	220	376	11,7	12,6
12	Павлодар облысы	4099	4270	357	449	8,7	10,5
13	СҚО	3407	3190	381	438	11,2	13,7
14	ОҚО	21976	19771	1855	3226	8,4	16,3
15	Астана	4843	6409	288	336	5,9	5,2
16	Алматы	3992	5669	424	724	10,6	12,8
	Қазақстан Республикасы	93740	96555	8387	11390	8,9	11,8

2014-2017 жж. Қазақстан аумақтарында үйден оқитын білім алуда ерекше қажеттіліктері бар бала санының өсу қарқыны



2014-2017 жж. Бұзылыс түрлері бойынша үйден оқитын білім алуда ерекше қажеттіліктері бар бала санының өсу қарқыны



Бұзылыс түрлері бойынша үйде оқытатын білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балалар туралы мәлімет  
(01.01.2014 ж.-01.01.2017 ж.)

Облыстар	Үйден оқытатын білім алуға ерекше қажеттіліктері бар барлық бала саны		Поиммалық дамуы тежелген		Ақыл-ой бұзылыстары бар		Естімейтін		Намар еститін		Көрмейтін		Намар көретін		Трек-көмил аппараты бұзылған		Сөйлеу тілі бұзылған		Аутизмге шалдыққан	
	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.	2014 ж.	2017 ж.
	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.
Ақмола облысы	297	271	25	20	81	85	0	0	0	1	0	3	4	1	182	154	0	0	5	7
Ақтөбе облысы	263	326	33	36	120	105	1	1	0	0	4	3	4	2	0	153	93	0	8	26
Алматы облысы	1064	1123	75	74	406	462	2	4	15	4	13	11	5	0	533	534	0	0	15	34
Атырау облысы	168	296	34	100	78	118	0	0	0	1	1	0	5	6	42	69	0	0	8	2
ШҚО	690	854	132	135	219	281	0	2	5	3	7	8	12	15	305	390	0	5	10	15
Жамбыл облысы	934	1218	125	241	201	211	2	1	3	1	2	2	6	1	579	719	3	9	13	33
БҚО	257	333	30	48	62	82	2	1	0	1	0	0	9	9	136	146	1	21	17	25
Қарағанды облысы	350	285	19	25	47	113	9	10	0	1	0	0	11	10	257	112	2	2	5	12
Қостанай облысы	230	284	36	51	80	98	4	3	0	1	1	3	6	10	93	101	3	3	7	14
Қызылорда облысы	609	851	68	122	191	248	0	0	3	6	0	1	16	19	292	432	37	12	2	11
Маңғыстау облысы	220	376	10	58	53	115	0	0	2	2	0	6	4	10	146	171	2	0	3	14
Павлодар облысы	357	449	46	68	136	171	3	2	1	1	0	1	12	8	145	171	4	1	10	26
СКО	381	438	50	36	225	207	3	1	1	6	6	7	5	8	69	132	0	0	22	41
ОҚО	1855	3226	0	436	1092	1528	0	9	0	25	0	0	0	62	763	935	0	200	0	31
Ағарту к.	288	336	6	12	81	105	3	2	0	0	0	3	5	1	162	143	0	0	31	70
Алматы к.	424	724	0	0	107	192	10	8	1	3	10	12	4	4	268	411	0	0	24	94
Қазақстан Республикасы	8387	11390	689	1462	3179	4121	39	44	31	56	44	60	108	166	3972	4773	145	253	180	455
% шаққанда	8,22 %	12,80 %	0,37 %	0,47 %	0,40 %	0,47 %	0,52 %	0,50 %	0,50 %	0,50 %	0,52 %	0,50 %	1,29 %	1,50 %	47,36 %	41,90 %	1,73 %	2,20 %	2,15 %	3,90 %

ЖҮРГІЗІЛГЕН САБАҚТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖОРНАЛЫ

Оқытушының аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сыныбы

Оқушының аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

20\_\_\_\_ - 20\_\_\_\_ оқу жылы

БАЛА ТУРАЫ МӘЛІМЕТТЕР:

Оқушының аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сынып

Сынып жетекшісінің аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

Аңғарымы \_\_\_\_\_

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ата-аналардың аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

ЖҰМЫС КЕСТЕСІ

Күні, аптасы	Пәндер	Сабақта не өтілді?	Ата-аналардың қолы	Ескерту

## Мектеп бойынша Бұйрық (үлгі)

### Үйде оқытуды ұйымдастыру туралы

«Үйден оқытуды ұйымдастыру туралы» Білім бөлімінің Бұйрығын орындау:

1. Үйден оқитын келесі оқушылар үйден оқытумен қамтылсын: Сауле А. бала кезден мүгедек, (Анықтаманың берілген күні мен нөмерін көрсету).

2. Сауле А. оқу жүктемесін ҚР БЖҒМ жалпы білім беру бағдарламасы бойынша бөлу ДКК анықтамасы (Бұйрықтың нөмерін көрсету керек).

3. Аталмыш Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың оқу ісі жөніндегі директорының орынбасарына жүктелсін.

Мектеп директоры

Аты, жөні, тегі

### Мүгедектігі бар балалардың білімді игеру сапасы мен дамуын қарқынды түрде бақылау күнделігін жүргізу формасы

Күні, тақырыбы, сабақ	Мұғалімнің сабақ кезіндегі қызметі	Мұғалім мен талаптарға сәйкес баланың қызметі	Педагогикалық бақылаулар (қарқыны +,-)	Бала мен ата-анаға ұсыныс	Ата-аналардың қолы	Оқытушының қолы
Сабақтың мақсаттары						
1. Білім беру						
2. Дамытушы						
3. Тәрбиелік						
4. Түзетуші						
Сабақтың жабдықтары						

## **Үйден оқытуды тексеру кезінде комиссия ұсынатын мектеп әкімшілігінің құжатнамасы**

1. Үйден оқытуды ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар.
2. Үйден оқытуды ұйымдастыру бойынша білім бөлімінің бұйрығы.
3. Үйден оқытуды ұйымдастыру туралы мектептің бұйрығы.
4. Ата-аналардың өтініштері.
5. Үйден оқыту ұсынымымен берілетін ДКБК анықтамасы.
6. Оқыту бағдарламасы көрсетілген ПМПК қорытындысы.
7. Заңды күші бар нормативтік құжаттарға сәйкес оқу жоспары.
8. Үйден оқытушы әрбір мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары.
9. Үйден оқытатын мұғалімдер туралы мәліметтер.
10. Ата-аналармен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген сабақ кестесі.
11. Ағымдағы және өткен оқу жылындағы бақылау күнделіктері.
12. Өткен оқу жылында берілген психологиялық-педагогикалық мінездеме.
13. 3 жылдағы тексеру қорытындылары туралы сараптамалық анықтамалар.
14. Аталмыш мәселе қарастырылған директордың қатысумен педагогикалық кеңестер кезіндегі жиналыс хаттамалары.

### Үйден оқытуды ұйымдастыруды тексеру бойынша жаднама

Сұрақтың атауы	Оң	Теріс
Үйден оқытуды реттейтін нормативтік, заңнамалық құжаттардың болуы		
Үйден оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру – мектеп деңгейінде		
Білім бөлімінің бұйрығының болуы		
Оқыту бағдарламасына сәйкес болуы (оқу жоспарының болуы)		
Мектеп құжатнамасын жүргізуді талдау		
- ДҚБК анықтамасы		
- ПМПК қорытындысы		
- Ата-аналардың өтінішітері		
- Мектеп бйынша бұйрықтың болуы		
- Үйден оқитын баланың ата-анасымен келісілген және мектеп директорымен бекітілген сабақ кестесінің болуы		
- Педагогтардың біліктілігі мен еңбек өтілі		
- Үйден оқыту мәселесіне қатысты МІЖ жоспарда болуы		
- Тексеру қорытындылары туралы сараптамалық анықтамалар		
- Аталмыш мәселе қарастырылған жиналыс хаттамасының болуы (шешім, нәтиже)		
- Сынып журналы мен оқушы күнделігінде қойылған бағалардың сәйкестігі		
Жалпы ескертулер:		

## Үйде сабақ беруші пән мұғалімі жұмысына талдау жасау

Оқушының аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

Мұғалімнің аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

Пән \_\_\_\_\_

Білім беру \_\_\_\_\_

Еңбек өтілі \_\_\_\_\_ санаты \_\_\_\_\_

Сұрақтың атауы	Оң	Теріс
- үйден оқитын баланың ата-анасымен келісілген және мектеп директорымен бекітілген сабақ кестесінің болуы		
- мектеп директоры бекіткен күнтізбелік жоспардың болуы		
- педагог берген оқушының психологиялық-педагогикалық мінездемесінің болуы		
- мұғалімде сабақ кезінде қолданылатын жоспардың болуы		
- сынып журналындағы баға мен оқушы күнделігіне қойылған бағаның сәйкестігі		
- сынып журналына бағаның дер кезінде қойылуы		
- бала және оның ата-анасымен байланыс жасау		
- баланың дамуын бақылайтын күнделік жүргізу		
- баланың білімін есепке алу журналын жүргізу		
- сабақтарда компьютерді пайдалану		
Жалпы ескертулер:		

## Үйден оқитын бала мен оның ата-анасымен жұмыс жасау жағдайы

Оқушының аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_

Мектебі \_\_\_\_\_ Сыныбы \_\_\_\_\_

Мүгедектігі \_\_\_\_\_, ДҚБК анықтамасының болуы \_\_\_\_\_

ПМПК \_\_\_\_\_

Оқыту бағдарламасы \_\_\_\_\_

Сұрақтың атауы	Оң	Теріс
- үйден оқитын баланың ата-анасымен келісілген және мектеп директоры бекіткен сабақ кестесінің болуы		
- Оқыту бағдарламасында оқулықтардың болуы		
- Сынып журналындағы баға мен оқушы күнделігіне қойылған бағаның сәйкестігі		
- Компьютердің болуы		
- Оқу үдерісінде компьютерді пайдалану		
- Ата-аналарымен әңгімелесу		
- Оқушының сабақтарға қатынасы		
Жалпы ескертулер:		

Абаева Ғ.А., Пармузин А.М., Баймуратова А.Т., Сейсенова А.Д.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды  
үйден оқытуды ұйымдастыру  
әдістемелік нұсқаулық

Редакторы *А. Сейсенова.*

Техникалық редакторы *Д. Тоқтарбекова.*

Компьютерлік қалыптауы *А. Қабанбаев.*

---

Форматы 60x84\16. Қағазы офсеттік. 2,0 шартты баспа табак.

---

ТП ҰҒПО, 050008, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 273 А,  
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.